

Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар!

ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Газет 2005 жылғы
27-тамыздан шыға бастады




Республикалық қоғамдық-саяси газет

Республиканская общественно-политическая газета

**Мырзатай Жолдасбеков,
көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері:**

«Қазақтың елдігімен айналысатын күн туды...»



Жақында ғаламтор беттерінен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың «Қазақтың елдігімен айналысатын күн туды...» атты сұхбатына көзіміз түсті. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ел халқына Жолдауына орай болған Мырзакеннің бұл сұхбатында бүгінгі қоғам өміріндегі ең өзекті мәселелер сөз болуымен қатар, оның жеке шығармашылық өміріне қатысты қызықты деректер мол. Қазақпарат тілшісі Бекайдар Алтай жүргізген сол сұхбатты қаз-қалпында газет оқырмандарына ұсынып отырмыз.

- Аға, бүгінде өзіңіз қатарлы тұлғалар, замандастарыңыз азайып бара жатыр. Бұрынғы қарбалас қызметтегідей емес, қазір туған жер, алтын бесік ауылға деген іштей бір сағыныш, аңсау жаныңызды толғап жүрген жоқ па?

- Кейінгі кезде біз патриоттық тәрбие туралы көп айтып жүрміз. Бірақ айтылу бар, оны жастардың зердесіне құю бөлек әңгіме. Отан қайдан басталады, Отан - от басынан басталады. Біз бағы замандардан бері ұлы далада айтылып, жазылып келе жатқан жырлардың таңдамалысын неге жинақ қылып шығармаймыз? Неге соларды жас ұрпақтың бойына құймаймыз?

Кезінде Кеңес империясы біздің санамыздан бәрін аластады. Ұлттық дәстүр, ата салт, тарих пен тіліміздің орнына өзгенің тарихын оқытты. Соның кесірінен балалар үйінің жанындағы қыраттың, төбенің қалай аталатынын білмеді. Ал, бүкіл жер түбіндегі басқа жер атауларына сайрап тұрды. Осы олқылыққа кішкене болса да сеп болса деген оймен 2003 жылы мен өз қаржыма «Кіндігімді кескен жұрт» деген кітап шығардым. Оған қазақтың ақындарының біраз өлеңі кірді. Сондағы Қасым Аманжоловтың жырларын алсаңыз, тұнып тұрған патриоттық, Мұқағали да сондай. Әбділда Тәжібаевта да туған жер тақырыбы жақсы жырланған. Мен ол кісімен аға-бауыр болып жақсы араласқан адаммын. Бірақ, кітапқа Әбекеңнің шығармаларын берсем ол қатарлы көзі тірі ақындардың бәрін кіргізу керек болған соң жинаққа енгізбедім.

Кітап шыққаннан кейін мен бизнесте жүрген бірнеше жігіттерді шақырып, осы дүниені халыққа жететіндей қылып шығарсандар деп өтіндім. Алайда біздің жігіттер уәдеге бар да, оны орындауға келгенде әр қилы екен. Аяқсыз қалды. Сосын, кітапты өзім былтыр қайта шығардым. Сөйтіп жүргенде Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиевтер кетіп қалды, соларды да қостым.

Кейінгі кезде туған жер туралы өлеңдер онша көп емес, қазіргі ақындар ойын-тамаша қуып кетті. Арнау өлеңдер көп жазады, бір есептен олардың кеңінен толғануға да мұршасы болмай жүр. Күнін көру керек. Бұрын «Лениншіл жас» газетіне студент кезімізден араластық. Екі сөйлеміміз шыға қалса соларды ай бойы жинап, кейін кезекке тұрып «гонорар» алатынбыз. Соған көңіліміз марқаятын. Кезекте не бір атақты адамдармен қатар тұрып қаламақы алатынбыз. «Мен де осындай боламын» дейтін едік.

Отаның, туған жерің, анаң да, әкең де біреу ғана. Туған жерге деген сағыныш сезімі сыртқа шықсаң оянады, тереңдейді, көкірегің қарс айырылады. Жүрегің талады, жеткің келеді.

- Сыртта жүріп туған жерді сағыну дейтін сезімді өзіңіз де жақсы білесіз. 1993-1997 жылдары Қазақстанның Ирандағы елшісі болып қызмет атқарғанда елді аңсаған жүректен «Тотым-ау» деген әсерлі ән де туды. Рұқсат болса сол әннің шығу тарихы туралы айтып берсеңіз?

- Менің ата-бабам елші болмаған адамдар. Тәуелсіз мемлекетіміздің арқасында Иранға елші болып бардым. Бұрын көрмеген жерім еді. Бірақ ата-бабаларымыз талай барған, даңғыл жол қылған. Әсіресе, мына Исфаханда біздің жақсыларымыз көп тұрақтаған. Елден шығып ондай қызметті бірінші рет атқаруым еді, тек қиын екен. Шынымды айтайын, «неге келдім мұнда, одан да өзімнің туған отанымда табанымды нық қойып, жерін басып жүргенім бақыт емес пе еді, солармен бірге тіршілік еткенім мың есе артық екен» дедім. Ол кез тәуелсіздік жаңа орнаған қиын заман еді. Қорыққанмен қуанған бірдей демекші, қуанғанымыз рас, үрей де болмай қалған жоқ. «Елді ары қарай қайда апарамыз?» деген сұрақ алаң етті. Ел басқарған адамдардың бірі болғандықтан күнде қобалжумен жүрдік. Сол кезде маған қазақты компасы жоқ кемеге отырғызып, мұхитқа айдап жібергендей көрінуші еді.

Сонымен Иранға да келдік. Ол тұста күнде қатынап жататын ұшақ, пойыз деген жоқ. Елді қатты сағындым. Иран ашық мемлекет болса бір сөз, әйтеуір қап-қара жамылған бірдеңелер, құдайдың құтты күні қаралы күн болғандай әсерде жүресің. Көшеге шықсаң автобус аялдамаларының бәрінде аспаннан кара қарға жауғандай әйелдердің бәрі кара жамылып, кара киініп, кара трансформаттар мен неше түрлі жазуларды жазады. Ондайды ешбір елден көрген емеспін. Шаршадым.

Шығып кетіп, аралап, бәленшенің үйіне барып келейін дейтін емес. Дипломат деген ұзатылған қыз сияқты, жолың өте тар болады. Үйде отырған соң ермек керек, бір күні жұбайым базардан екі тотықұс сатып әкеліпті. Шүкір, елдің арқасында жағдайымыз жаман болған жоқ. Асхананың жанында демалып отыратын бөлме бар еді, түскі асымды ішкен соң сонда отырамын. Асып бара жатқан күйші болмасам да домбырам бар, далбасалап сол домбырамды қолыма алып тарта беремін. Мынау мені жұбатады. (Қасындағы домбырасын алақанымен басып қойды) Ақылға келтіреді. Бір күні қарасам әлгі екі тотықұс бірін-бірі итеріп маған жақындай түсіп, домбырамның үнін тыңдайды. Өзімнің бір Кенен атамның құлақ күйі сияқты әуенім бар, соны баяу тарта бердім. Сәлден кейін екеуі мүлгіп ұйықтады. Таңғалдым, менің шерімді осылар да түсініп отыр-ау дедім. «Сен де қанатың бар, аспанда самғап жүретін құс едің, бүгін торға түстің, мен де торға түскендей күйдемін» деп, олармен өзімше сырластым. Сағыныштан болар, адамға бір әуен келеді. Соны қайталап жүріп, «Тотықұс» әні шықты. Сөзін де жаздым. «Тотым-ау, менің тотым-ау, тотықұс деген осы ма-ау» деп басталушы еді.

- Кейін бұл ән үлкен-үлкен сахналарға шықты, әнді сізден алып, ары қарай халыққа танытуға кімдер атсалысты?

- Иә, әнді шығарып, өзім домбырамен ыңылдап жүрдім. Бір күні композитор інім Алтынбек Қоразбаев елден телефон соғып, «аға сағындым, сізге барып қайтсам» деймін деді. «Біз де сағынып отырмыз, кел» дедік. Ол кезде күш салып жүріп Тегеран мен Алматы арасына аптасына бір рет ұшақ қатынайтын жағдай жасап едім. Сонымен, Алтынбек келіп, бір аптадай болды. Әндерін тыңдап сондай рахаттандық. Арасында домбыраны өзім де аламын. Содан жаңағы әнді тартып, ыңылдап едім, құлағы қырағы сазгер жалт етіп, менің әуенімді қайта айтқызды. Сосын «Жақсы ән» екен деп қызықты. Алайда оған сөзі онша ұнаған жоқ секілі. Бірнеше күннен соң Алматыдан Иранға бір топ ақын-жазушы сау етіп жетіп келді. Араларында Зейнолла Қабдолов ағамыз, ақын Ұлықбек Есдәулет те бар. Алтынбек маған «аға, істің сәті келгелі тұр, әннің сөзін Ұлықбекке жаздырайық» деді. Екеуі дос екен. Сол күні елден келген қонақтарды елшіліктің резиденциясына дәмге шақырғанбыз. Кешке Алтынбек пен Ұлықбек әннің сөзін жазып алып келді. Дастархан басында Алтынбек алғаш рет Ұлықбек жазған сөзімен әнді орындап, тұсауын кесті. Үйдегі жеңгелері дүкенге жүгіріп, екеуіне екі костюм кигізгені бар.

Сонымен әнді Алтынбек елге алып кетті. Бір күні ол «аға, әніңіз «Азия дауысында» орындалатын болды» деп хабарласты. Ол кезде «Азия дауысы» Медеуде жыл сайын өтетін. Алтынбек «Тотықұсты» елге апарған соң Мақпал

Жүнісоваға тыңдатыпты. Ол әнді жылап отырып тыңдап, «мынау менің әнім ғой, мынау тоты мен ғой» деп әннен өзінің тағдырын танығандай болыпты. Сөйтіп әнді жан-тәніне сіңірген қалпы, «Азия дауысынан» шырқап бірақ шығыпты.

- Кейін сіздің де елге қайтуыңызға осы ән себеп болған секілді?

- Мен Иранда жүргенде елде Абайдың 150 жылдық мерейтойы болды. Кезінде үкімет басшысының орынбасары ретінде ол тойдың дайындығын бастаған адаммын. Ираннан бізді де шақырды. Келіп қатыстым. Бірақ, ұйымдастыру жағы өте нашар болды. Ұлы Абайға жаным ашыды. Қор қылды. Әкімі бір жас жігіт еді, кейін оппозицияға кетіп қалды. Сол жолы көлік те болмай, той өтетін Қарауыл жаққа зорға жеттік.

Осы арада мынаны айта кетейін, қазір мемлекетіміздің жүгін бір кісідей арқалап жүрген екі жігітті мен өзімнің шәкіртім деп айтуға болады. Олар - Иманғали Тасмағамбетов пен Қырымбек Көшербаев. Иманғали ол кезде Президенттің көмекшісі, Қырымбек баспасөз хатшысы болатын. Абайдың тойына барған күні сол екі жігіт маған Семейде Ертістің ортасындағы аралда гала-концерт өткенін айтты. Оған Президент те қатысқан. «Бір кезде Мақпал Жүнісова шығып, сіздің «Тотықұс» деген әніңізді орындады» деді. Олардың айтуынша, Президент әнді естіген соң қатты тебіреніп, екеуіне «жігіттер, ағаларың елді сағынып жүр екен ғой, елге қайтару керек екен» депті.

Бұл оқиға күзге қарай болған еді. Қыстың ортасында мен сол «Тотықұстың» арқасында елге қайттым. Президент күздің аяғында маған телефон соқты. «Қайтқым келеді» дедім. Туған елді көкірегі қарс айырыла отырып не бір арыстарымыз жырлады.

Туған елге, туған жерге жететін ештеңе жоқ. Оны ешбір байлықпен айырбастауға болмайды. Алтыннан сарай салып беруі мүмкін. Бірақ, барлық алтын-күмісің қазақтың байтақ даласына жетпейді.

Мен дүние жиып алып, халықтың аузындағысын жырып шетелге қашып жүрген жексұрындарға таңым бар. Менің қатты қорқатыным жеке психология санаға сіңіп бара жатыр. Оларға отанның керегі жоқ. Сол дүние жиғандардың бір аяғы шетте, бір аяғы елде тұр. Ертең басына сәл күн туса бір аяғын көтере салып, шетелге қашып кетуге дайын. Әбіләзов - солардың біреуі. Алайда олар көп емес, бірен-саран ғана.

Негізі, бұрынғының бәрін ақымақ деуге болмайды. Кеңес үкіметін басқарып отырған Ленин кеткеннен кейін Сталин мемлекетті ұстап тұру үшін, елге сөзі өтетін мәдениет, ғылым қайраткерлеріне Переделкино дейтін жерден жер бөлдіріп, үй салдырған. Сөйтіп сөзін сөйлеткен. Біз кейінгі кезде ақылы бар, елге сөзі өтетін адамдарды ұмытқан сияқтымыз. Әрқайсысы өзінің күнін көріп, күйін кешіп жүр. Міне, соларға туған жер, Отан туралы арнайы шығармалар жаздыру керек деп ойлаймын. Басқа халық та туған жерін жақсы көрер, бірақ, туған жерге кіндігі байланған қазақтан артық халық жоқ.

- Бүгінгі қоғамға ақсақалдық көзбен қарағанда өзіңізге көбірек қойып, іштей мазалайтын сұрақ бар ма?

- Енді, оның қайсы бірін тізерсің. Бүгінгі күні Президент те айтып жатыр, өзіміз де жазып жүрміз. Біздің қазіргі ең басты құндылығымыз ол - тәуелсіздік. Бізге дейінгі қаншама мың жылдар бойы ата-бабаларымыз осы үшін күресті. Жете алған жоқ. Талай жақсының басы кетті, қаны төгілді. Жарықтық, Қабанбай бабамыздың қылышы маңдайдан салғанда, адамды ашасынан қақ бөледі екен. Сол сияқты ұлы перзенттер де туған жер үшін жанын қиды. Абылай да жете алмады. Қазақ тарихында тағдыры ең аянышты екі адамды айтайын, оның бірі - Абай, екіншісі - Кенесары. Басын тауға да, тасқа да ұрған Кенесары да арманына жете алған жоқ. Аймандайы жарқырап алдымызда жүрген, өзімізге ұстаз болған Мұхтар Әуезов те жете алмады. Біз жеттік. Енді осы тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтауымыз тиіс. Ұмытып кетуден сақтанайық. Қазақ жылқы мінезді халық, жақсылықты тез ұмытып кетеді.

- Кеңес кезінде Бейсенбай Кенжебаевтай ғалым ұстаздың жетекшілігінде қазақ әдебиетінің арғы тарихына терең бойлап, түркі заманындағы руханиятты зерттедіңіз. Сол Көк түріктер көтерген «Мәңгілік ел» идеясын Елбасы биылғы Жолдауында мемлекетіміздің негізгі бағыты ретінде ұсынды. Бұл тарихи сабақтастық туралы ойыңыз қалай?

- Президент Н.Назарбаев бұны ойдан шығарып отырған жоқ. Тарихты қарап отырсаң, Нұх пайғамбардың 8 ұлы болған екен. Солардың ең үлкені Түркі дейді. Үрім, Русь әрқайсысы бір-бір мемлекет болды. Нұх пайғамбар қартайғанда балаларын жинап, «сендер енді мына Түркіге иланасыңдар, бағынасыңдар» депті. Біздің сол бабаларымыз Еділдің ең бойын жайлапты.

Көрдiңiз бе, тарих деген сапырылысып жатқан дүние. Жылдар, ғасырлар өтеді, бәрі өзгереді. Біздің дәуіріміздің VI ғасырында сол түркілер қайтадан «жарқ» ете қалды. Ол көктен түскен жоқ, баяғы Түркінің жаңғыруы. Бумын, Естеми қағандар Түркі қағанатын орнатты. Тасқа басылған Күлтегін, Тонькөктердің сөзі қалды. Бір көзінен жас, бір көзінен қан аға тұрып тасқа қашап жазған тарихтың ішінде ғажайып сөздер бар. «Көкте Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласының үстіне Ата тегім Бумын қаған, Естеми қаған отырған, қаған отырып олар дүниенің төрт бұрышын алған. Дүниенің төрт бұрышы соларға қараған, азды көп қылған, кедейді бай қылған, тату елге жақсылық қылған, олар осындай ұлы қағандар еді, білікті қағандар еді» дейді.

Сол Түркі қағанаты, бабаларымыз «Мәңгі ел» орнатамыз деп ұрандаған. Енді мына дәуірде әр жерде өмір сүріп жатқан Көк түріктің ұрпағы біріге бастады. Ата түріктен кейін шыққан Түрік балаларының ішінде тізгінді Н.Назарбаев ұстады. Бұл біздің қазақ халқының басына қонған бақ, сол бақты үркітіп алмасақ деп тілеймін. Түркия Президенті Абдолла Гүл елімізге келіп, Президентке аса таяқ ұстатып, шапан жапты. Ол - бүкіл «Түркінің иесі өзің» деген сөз. Тасқа қашалған тарихымызды оқысаң ол жердегі «Мәңгілік ел» орнату дейтін асыл мұратты көреміз. Бүгін міне бұл құндылық ХХІ ғасырда қайта көктеді.

- Бұл идеяны Қазақстан халқын бір ниетке жұмылдыратын үлкен арна, болашақты нұсқайтын негізгі бағыт деуге болады ғой?

- Бұрыннан жазып та, айтып та жүргендей, біз осы уақытқа дейін идеологиясыз ел болдық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен Президенттің жанында болған адаммын. 5 жыл қазақтың идеологиясын басқардым. Алғашқы Конституция жазылғанда идеологияны, негізгі идеямызды айқындайық деген адаммын. Алайда Президент алдымен елдің әлеуметтік жағдайын көтерейік, аш халықты тойдырайық, есін жисын, сосын барып идеологиямен айналысайық, оның да заманы келеді деп еді. Алдымен экономикаға солай қадам бастық. Бұл өте дұрыс болды.

Міне бүгін сол заман келді. Қазақтың елдігімен айналысатын күн туды. Біз өзімізді емес, өзгені көп жарылқайтын халықпыз. Енді есіктегі басымыз төрге жеткен бүгінгідей күнде қазақтың маңдайынан сипап, арқасынан қағатын уақыт келді. Біз құдайға тәубе, қалада жылы үйімізде ыстық шай ішіп отырмыз, ал далада бүрсең қағып, кедейдің күйін кешіп отырған қазақ аз емес. Енді биліктегі адамдар осыны қатты ойлауға тиіс. Біздің тарихтан да, Құраннан да білетініміз мәңгілік тек Аллаға тән. Алладан басқа жер бетінде, аспан астында мәңгі ештеңе болмайды. Бірақ бізге адаспай жүретін идеология керек. Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы «Мәңгілік ел» деп ойлаймын. 2050 жылы біз «Мәңгі ел» бола саламыз деп ешкім кесім жасай алмайды. Елбасы оны айтып отырған жоқ. Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат керек. Бұл кешегі Жолдауда айтылған, қазақтың көкейіндегісін дөп тапқан сөз болды деп санаймын.

- Соңында үлкен ғалым ретінде өзіңден қазіргі Қазақстан ғылымы жайлы сұрасақ дейміз. Бүгінде ғылым ел дамуының басым бағытына айнала алды ма?

- Кеңес үкіметі кезінде Қазақстанда ғылым дамымады деп айтуға болмайды. Ғылым дамыды, академиямыз болды. Ол бір жарқырап тұрған кең сарайымыз еді. Кіріп-шығудың өзі бір арман болатын. Және соған кірсек рухтанып, академик ағаларымыздың ізін бассaq ертең біз де ғалым боламыз, еңбек етеміз деген үлкен сезімдер билейтін еді. Неге екенін қайдам, академия кейін әр түрлі себептердің әсерінен қоғамдық ұйымға айналды да шықты. Соның кесірінен білімді адамдар, тіпті, мектепте сабақ беретін мұғалімдердің көбі жан сауғалап кетті.

Бірнеше жылдан бері Президент ғылымсыз елдің дамымайтынын қатты айтып жүр. Бұл әлемдік үрдіс. Кейінгі Жолдауда да ғылымға қатты мән беріп жатыр. Н.Назарбаев жалпы көріпкелі бар адам. Зияткерлік мектептерді және Назарбаев университетін тегін аштырып отырған жоқ. Ол әйтеуір өзінің атын беру үшін жасалған жұмыс деп ойласақ қатты қателесеміз. Ол кісі Назарбаев атындағы оқу орны болса, жұрттың жұмылып, соған дұрыс жұмыс істейтінін біліп отыр. Әлемдік деңгейі жоғары үлгілі университет жасап, Гарвард, Оксфорд, Кембридж секілді ғасырлық тарихы бар университеттермен иық тірестіре алатын оқу орнын құруды ойлаған. Оған

келіп түсетін балалар дарынды, талантты болуы шарт, ал олар Назарбаев зияткерлік мектептерінен өтіп келуі тиіс.

Жалпы қазақ табиғатынан талантты халық. Кейінгі кезде біздің жас балаларымыз әлемдік математика, физика, химия секілді пәндердің олимпиадасынан мойнына алтын алқа тағып жүр. Басқаны қойғанда Елбасы аграрлық университеттердің ішінен ғылыми орталықтар құру керек деді. Ғылым дамымай ел дамымайтыны ақиқат. Халықтың келешегі білімге, білімнің келешегі ғылымға байланысты.